

## 4-бөлім

## Раздел 4

## Section 4

Сыртқы саясат  
мәселелеріВопросы  
внешней политикиForeign  
policy issues

ӘОЖ341.29 (100)

Ж.Қ. Идрышева

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,  
халықаралық қатынастар факультеті, Қазақстан, Алматы қ.  
E-mail: idryshevaz@mail.ru

### Ресей мен Еуропалық Одақ қатынастарының дамуы және ынтымақтастықтың негізгі аспектілері

Бұл мақалада Ресей Федерациясы мен Еуропалық Одақ арасындағы байланыстардың дамуы және ынтымақтастықтың негізгі аспектілері қарастырылған. Негізгі назар Ресей Федерациясы мен Еуропалық Одақ арасындағы қарым-қатынастың қалыптасып дамуы және екі жақты ынтымақтастықтың негізгі аспектілері, оның ішінде саяси, экономикалық мәселелеріне бөлінген. Ресей мен Еуропалық Одақ қатынастары әлемдік саясаттың кез келген мәселелерін түрлі деңгейде талқылауға мүмкіндік беретін көрнекті институционалды архитектурадан тұрады. Ресей мен Еуропалық Одақ арасындағы қарым-қатынас белгілі жемістерін беруде. Оның дәлелі экономикалық, саяси, әлеуметтік, қауіпсіздік саласындағы жасалған көптеген келісімшарттар, өзара жасалған бағдарламалар және олардың жүзеге асуы. Автор Ресей үшін Еуропалық Одақтың, Еуропалық Одақ үшін Ресейдің алатын орны мен рөліне тоқталады, ынтымақтастықтың барысы және оның жолында туындаған мәселелерді көрсетеді.

**Түйін сөздер:** Ресей Федерациясы, Еуропалық Одақ, интеграция, жаһандану, ынтымақтастық, экономикалық ынтымақтастық, саяси ынтымақтастық.

Zh.K. Idrysheva

#### The development of relations between Russia and the European Union, and the main aspects of cooperation

This article is opened the evolution of relations between the Russia and the European Union and the main aspects of cooperation. The author focuses on the establishment and development of relations between the Russian Federation and the European Union, key aspects of bilateral, in particular political and economic cooperation. Relations between Russia and the European Union consist of the institutional architecture, which allows discussing the various problems of different levels of world politics. Cooperation between Russia and the European Union gives the fruits of productive at this stage. Results of these are the signed treaties and agreements in the field of economics, politics, social policy and security between the two entities, and the development of programs and their implementation. The author analyses the place and the role of the European Union to Russia, and Russia to the EU, shows the problems in the establishment of cooperation.

**Keywords:** Russian Federation, the European Union, integration, globalization, cooperation, economic cooperation, political cooperation.

Ж.К. Идрышева

#### Развитие отношений России и Европейского Союза и основные аспекты сотрудничества

В данной статье рассматривается эволюция отношений России с Европейским Союзом и основные аспекты сотрудничества. Основное внимание уделяется на становление и развитие отношений между Российской Федерацией и Европейским Союзом, а также основным аспектам двухстороннего, в частности, политического и экономического сотрудничества. Взаимоотношения между Россией и Европейским Союзом состоят из институциональной архитектуры, которая дает возможность в обсуждении различных проблем разного уровня мировой политики. Сотрудничество России и Европейского Союза дает результативные плоды на современном этапе. Доказательством тому являются заключенные между двумя субъектами договоры, соглашения в области эконо-

мики, политики, социальной политики и в сфере безопасности, а также разработка программ и их реализация. Автор анализирует на месте и роли Европейского Союза для России, место и роли России для ЕС, показывает проблемы, возникшие в ходе установления сотрудничества.

**Ключевые слова:** Российская Федерация, Европейский Союз, интеграция, глобализация, сотрудничество, экономическое сотрудничество, политическое сотрудничество.

Еуропалық Одақты Батыс пен Шығыстың арасындағы әскери-саяси күрестің бір бөлігі деп қарастырған КСРО ұзақ уақыт бойы еуропалық интеграцияға теріс көзқараста болды. Бұрынғы Кеңес Одағы және сол кездердегі Еуропалық Экономикалық Қауымдастық географиялық орналасулары бойынша көршілер болғанымен, белгілі бір кезеңге дейін ешқандай жақ ынтымақтастық туралы ұсыныстар жасамады. Ол кездері ЕЭҚ және КСРО-ның экономикалық құрылымы, саяси режимдері әртүрлі болды, өз мемлекеттеріндегі азаматтық қоғамның құрылысын әртүрлі көрді.

XX ғасырдың 70-жылдары Кеңес Одағы Экономикалық Өзара Көмек Кеңесінің шеңберінде, Шығыс Еуропаның социалистік елдерімен ынтымақтастығын дамытуға ұмтылды. ЕЭҚ өз кезегінде Экономикалық Өзара Көмек Кеңесін сауда серіктесі ретінде мойындаудан бас тартты. Алайда «қайта құру дәуірі» басталғаннан кейін, КСРО-да Еуропалық Экономикалық Қауымдастыққа деген көзқарас өзгерді. ЕЭҚ Экономикалық Өзара Көмек Кеңесімен 1988 жылы 25 шілдеде бірлескен Декларацияға қол қояды, ол құжат Экономикалық Өзара Көмек Кеңесін және оған кіретін мемлекеттерді заңды түрде мойындауын белгілейді. Бұл Декларация КСРО-ға өзара сауда қарым-қатынастарының тар шеңберінен шығуға мүмкіндік берді [1].

1988 жылы КСРО Сыртқы істер министрлігі Еуропалық Одақтың Комиссиясына ресми қатынастар орнату ұсынысы туралы вербальды нотасын жібергеннен кейін, КСРО мен Еуропалық қауымдастық арасындағы ресми қатынастар орнатылды [2]. Өзара мойындау 1989 жылы 18 желтоқсанда ЕЭҚ, ЕКББ және Еуроатоммен бір жағынан, КСРО-мен екінші жағынан сауда, коммерция және экономикалық ынтымақтастық Келісімінің қол қойылуына әкелді.

КСРО ыдырағаннан кейін, Ресей өзін Кеңес Одағының құқықтық мирасқоры деп жариялады, яғни сәйкесінше оның барлық шетел мемлекеттеріне, халықаралық ұйымдарға

және жеке несие берушілерге қарыздарын өз мойнына алды. Сонымен қатар ол КСРО және ЕЭҚ пен Еуроатом арасындағы 1989 жылдың 18 желтоқсанында қол қойылған сауда, коммерциялық және экономикалық ынтымақтастық туралы Келісімнің міндеттеріне жауапты болып қалды. 1991 жылы желтоқсан айының соңында Еуропалық Одақ Ресейді ресми түрде мойындайтыны туралы хабарлады. ЕО өз жағынан Бірлескен мәлімдеме қабылдады, онда мүше-елдердің бұрынғы КСРО территориясында пайда болған барлық жаңа мемлекеттерді мойындауға және олармен келесідей қағидалар: БҰҰ-ның Жарғысын және Хельсинки қорытынды актісі мен Париж Хартиясының міндеттерін құрметтеу; Тек бейбіт жолмен өзгертілуі мүмкін барлық шекаралардың қол сұғылмаушылығын құрметтеу; ЕҚЫК міндеттеріне сәйкес этникалық және ұлттық азшылық құқықтарының сақталуының кепілі; Қарусыздандыру, ядролық қаруды таратпау, аймақтағы қауіпсіздік пен тұрақтылық міндеттерін мойындау негізінде дипломатиялық қарым-қатынастар орнатуға дайындығы айтылды [3].

XX ғасырдың 90-жылдарының басы шетелдік мемлекет үкіметтерінің және халықаралық ұйымдардың, соның ішінде, ең алдымен, еуропалық елдердің Ресеймен байланыстарын дамыту мақсатында тегін гуманитарлық және техникалық көмек көрсету сияқты көптеген инициативаларымен сипатталады. Осы жобаларға бөлінетін қаражат көлемі бойынша бірінші орынды көпшілік еуропалық мемлекеттерді біріктіретін ұйым – Еуропалық Одақ алып отыр. Көмек көрсету туралы ұсыныстарын ресми түрде Ресейге жоспарлы экономикадан нарықтық экономикаға өтуде демеу болу және сол кезеңдегі теріс әлеуметтік салдарларды жұмсартумен негіздеді. 1990 жылы 14-15 желтоқсанда Римде өткен Еуропалық Кеңестің отырысында КСРО-ның экономикалық реформаларына Еуропалық Қауымдастықтың қаржылық көмегі туралы Келісімге қол жеткізілді. Бұл мақсаттарға жету үшін бұрынғы КСРО республикалары және Монғолияның нарықтық экономикаға өтуіне

көмектесуге бағытталған ТАСИС бағдарламасы құрылды [4]. 1994 жылдан 2006 жыл аралығында Еуропалық Одақ пен Ресей арасындағы ынтымақтастық бағдарламасы ТАСИС арқылы қаржыландырылды. Ресей Федерациясы осы бағдарлама арқылы посткеңестік кеңістіктегі ең үлкен көлемдегі қаржыландыру жобаларын, яғни бағдарлама бюджетінің жартысын иеленді. 1991 жылы Бағдарлама жіберілгеннен кейін Ресейдің 58 аймағында 1500-ден аса жоба жүзеге асырылды. Олардың жалпы бағасы 2,7 миллиард еуроны құрады [5]. ТАСИС бағдарламасынан бөлек, Ресей көпжақты мемлекетаралық бағдарламаларға қатысты, оның ішінде аймақтық бағдарлама және көрші елдермен ынтымақтастық бағдарламасы. Көмек келесі бағыттар бойынша: мемлекеттік өнеркәсіптерді қайта ұйымдастыру және жеке секторды дамыту; мемлекеттік басқару жүйесін, әлеуметтік қызмет көрсету және білім беруді реформалау; ауылшаруашылығы; энергетика, транспорт, байланыс; ядролық қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау және т.б. көрсетілді:

ТАСИС (ТМД елдеріне техникалық көмек) бағдарламасы Ресей тарихының бір бөлігі болып қалды [6]. 2006 жылы 31 желтоқсанда ЕО кеңесінің регламентінің мерзімі бітті, оның негізінде ЕО 16 жыл бойы Ресейге техникалық көмек көрсетті. Техникалық көмек өз ішіне кеңес беру, сондай-ақ олардың кадрларының кәсіби дайындығын қамтиды.

ТАСИС-тің орнына 2007 жылдың 1 қаңтарынан бастап Еуропалық көршілестік және серіктестік құралы туралы жаңа Ереже жұмыс істейді. Бұл құжатқа сәйкес, қаржылық ынтымақтастықтың мәні жобаларды қаржыландыру болып қала береді. Соған қарамастан, ТАСИС-тен еуропалық көршілестік және серіктестік құралы туралы жаңа ереженің ауысуы ынтымақтастық сипатына бірқатар өзгерістер енгізді. Бірлескен қаржыландыру және жобаларды таңдау ортақ стратегиялық мүдделерге сай жүзеге асатын болды.

1992 жылы Мәскеуде Ресей-ЕО арасындағы алғаш жоғары деңгейдегі кездесу өтті. Оның басты нәтижесі қатынастардың жаңа сипатын анықтайтын Еуропалық Одақ пен Ресей арасында жаңа келісім дайындау болды. Соның нәтижесінде, 1994 жылдың 24 маусымында Корфу аралында ЕО мен Ресей арасында Серіктестік және ынтымақтастық туралы келісімге (Agreement on Partnership and Cooperation) қол қойылды.

1992 жылдың басынан 1998 жылдың тамызына дейін Ресей мен ЕО арасындағы ынтымақтастық ұлғаймалы сызық бойынша, бірақ белгілі бір қиындықтарға кездесіп, толқын тәрізді дамыды. Жыл сайын сауда айналымы және РФ экономикасына батыс еуропалық қаржы салу көлемдері біртіндеп өсіп отырды.

1996 жылы Ресей Еуропа Кеңесіне қабылданды, бұл Ресейдің Орталық және Шығыс Еуропа мен Балтық елдерімен арасындағы қарым-қатынастарына оң әсерін тигізді. Ал ынтымақтастық саласындағы қиындықтарға келетін болсақ, оның екеуі 1995 жылдың көктемі және 1999 жыл қазан – 2000 жылдың бірінші жартысы, ресейлік әскерлердің Шешенстандағы әрекеттерімен байланысты еді, ал 1997 жылдың көктеміндегі және 1999 жылдың наурыз-сәуір айларындағы дағдарыс НАТО-ның кеңеюі және сәйкесінше Югославияны бомбалау салдары болды.

Қарым-қатынастардың жақсаруының негізгі шарты макроэкономикалық тұрақтылыққа қол жеткізу және 1999-2000 жылдардың қорытындысы бойынша экономикалық өсім болды. Ресей мен ЕО Серіктестік және ынтымақтастық туралы келісім негізінде белсенді әрекеттесу тарихы тек 2000 жылдың мамырынан өз бастауын алады, осы кезде ынтымақтастық механизмдері және келісімді жүзеге асыру бірден белсендіріледі. Мәскеу және Брюссель сол сәттен бері бір-бірін стратегиялық серіктестер ретінде көретіндіктерін қайталаудан шаршамайды. Ресей мен ЕО арасындағы қатынастар саяси декларациялар және салтанатты кездесу-саммиттер кезеңінен күнделікті іскерлік ынтымақтастық кезеңіне өтті. Диалог келесі бағыттар бойынша жүргізілді: жылына екі рет Ресей-ЕО саммиті, Сыртқы істер министрлері деңгейіндегі кездесулер, “Жоғары деңгейдегі” кездесулер, жұмысшы топтар және бағыттар бойынша жобаларды қоса есптегендегі Ресей мен ЕО мүше-мемлекеттер арасындағы екіжақты саяси диалог. Әрекеттесу тек жоғары, яғни мемлекет көшбасшылары деңгейінде ғана емес, сонымен қатар аймақтық деңгейде де күшейді. Аймақтық басқарушылар көп жағдайда халықаралық диалогтың белсендірек қатысушылары болып табылады, мысалға Иркутск облысы еуропалық мемлекеттерді ынтымақтастыққа шақырудан алдыңғы орында [7]. Ресей мен ЕО интеграциясы мақсатындағы нағыз ынтымақтастық перспективасы 2001 жылы

пайда болды, яғни Ресейдің қатысуымен Ортақ еуропалық экономикалық кеңістік құру. 2001 жылдың мамырындағы ЕО-Ресей саммитінде бірыңғай еуропалық экономикалық кеңістік концепциясын жасау үшін жоғары деңгейдегі топ құру шешімі қабылданды. Топтың мандаты ЕО-Ресей саммитінде сол жылдың қазан айында келісілген болатын. Идеяның мәні ЕО бірыңғай нарығына тән, ЕО және Ресей арасындағы сауда мен инвестициялардың дамуына көмектесетін, нормативтік базаларды жақындастыру концепциясын құру болды. Жоғары деңгейдегі топ өзінің осы инициатива бойынша қорытынды баяндамасын 2003 жылдың қараша айы Рим қаласында өткен ЕО-Ресей саммитінде көрсеткен болатын. Сол жылы Санкт-Петербуркте өткен саммитте Ресей мен ЕО серіктестігінің болашақ даму көрінісі ұсынылды. Төрт ортақ кеңістік құру туралы олардың бірлескен жұмысы туралы шешім қабылданды.

2004 жылы 21 мамырда Еуропалық Комиссия мен Ресей Федерациясы нарықтарға кіру мүмкіндігі туралы екіжақты келіссөздерді аяқтап, Ресейдің ДСҰ-ға қосылу процесіне серпін берді. ЕО Ресейдегі тиімді экономикалық реформаларды жүргізуде оның ДСҰ-ға мүшелігі маңызды рөл ойнайтынын мойындайды. Ресейдің ДСҰ-ға қосылуынан екі жақ та ұтады. Бұл, ең алдымен, үлкен тұрақтылық пен болжамдылықты қамтамасыз етеді, сонымен қатар Ресей территориясында жұмыс істеуге немесе экспортқа мүдделі ЕО-ның іскер топтарының қол жеткізуінде жақсы нәтиже береді. Ал өз кезегінде, ресейлік іскер топтар ДСҰ-ға мүше барлық мемлекеттердің нарығына кепілді экспорт каналдарына қол жеткізеді.

2004 жылдың 9 ақпанында Еуропалық Комиссия Ресей мен ЕО арасындағы қарым-қатынастар туралы Хабарламасын жариялады. Онда ЕО мен Ресей арасындағы серіктестіктің тиімділігін арттыру бойынша шаралар ұсынылған болатын. 2004 жылдың ақпанында Еуропалық Одақтың сыртқы байланыстар бойынша Кеңесі осы екіжақты қатынастардың барлық аспектілері бойынша талқылау және бағалау жүргізген болатын. Кеңес Еуропалық Одақтың Ресеймен тек құқықтар мен міндеттерге, өзара сенім және ашық диалогқа негізделген нақты стратегиялық серіктестік құруға жігерлігін растады. Кеңес, сонымен қатар екі жақтың серіктестікті ортақ құндылықтарды, Серіктестік

және ынтымақтастық туралы келісім шеңберінде мүдделерін өзара жүзеге асыру, соның ішінде төрт ортақ кеңістікті дамыту арқылы ынталандыру керектігіне ерекше назар аудартты [8].

Алайда 2004 жылы төрт кеңістік концепциясын толтыру туралы келіссөздер баяу жүріп жатты. Салыстырмалы түрде экономикалық кеңістік құруда тараптар көбірек жетістікке жеткен болатын. Ішкі және сыртқы қауіпсіздік мәселелері туралы айтатын болсақ, ЕО-ның 2004 жылы жүзеге асырылған кеңеюі жаңа қиындықтарды туғызды және осы жағдайда Ресеймен қарым-қатынастары шекаралас мемлекеттерімен байланыс рангіне дейін түсірілген болатын, ондай мемлекеттердің қатарына, сонымен бірге Украина, Молдавия, Грузия, т.б. мемлекеттер кірді.

Еуропалық Одақ 10 жаңа мемлекеттің қосылуынан кейін ЕО-ның штаб-пәтерінде Ресейге деген негативті қатынас күшейеді. Бұл 2004 жылы 10 қазанда ЕО-ға мүше 11 мемлекеттің (Польша, Чехия, Венгрия, Словакия, Эстония, Латвия, Литва, Дания, Швеция, Финляндия және Австрия) СІМ басшыларының кездесуінен кейін анық байқалды. Онда ЕО-ның сыртқы саясатында “кіші елдер” ролін арттыру, яғни нақтырақ айтатын болсақ, ЕО-ның Ресейге қатысты саясатын қатайту ұсынылды.

2004 жылдың қыркүйегінен бастап, сынға алудың жаңа объектісі РФ президенті Владимир Путиннің Ресейді мемлекеттік қайта құруы болды. Тараптардың бір-біріне деген туындаған наразылықтарының мәселесіне келсек, Ресей тарапынан:

1. ЕО-ның Ресеймен диалогты “Жаңа серіктестік” жоспарының шеңберінде жүргізу ұсынысы – ЕО-ның шекаралас мемлекеттермен ынтымақтастықтың бірыңғай жоспары, бұл Ресейді солтүстік африкалық мемлекеттер деңгейіне қою болып саналды;

2. Ресейдің негізгі территориясы мен калининградтық облыс арасындағы жүк және жолаушы тасымалы мәселелерінің шешілмеуі;

3. Латвия және Эстониядағы орыс тілді азшылық құқықтарына шек қойылуы;

4. Ресейдің посткеңестік кеңістікте сыртқы саяси ықпалын сақтап қалуына ЕО-ның қарсыласу әрекеттері.

Еуропалық Одақтың Ресейге қатысты наразылығы:

1. Шешенстанда адам құқықтарының және азаматтық бостандықтарының бұзылуы;

2. Приднестровьеде және Грузияда ресейлік әскери базалардың сақталуы, Ресейдің ішкі грузиндік қақтығыстарға араласуы (Абхазия және Оңтүстік Осетия);

3. Энерготасымалдаушыларға әлемдік бағалармен салыстырғанда ішкі ресейлік бағаның төмен болуы;

4. Қонбай ұшып өту транссібірлік маршрутты қолданғаны үшін еуропалық әуе компанияларынан Ресейдің компенсациялық өтемдерді төлетуі болды.

Қарым-қатынастарда прогрестің болмауы 2004 жылдың 11 қарашасына белгіленген Ресей-ЕО саммитін кейінге калдыруға әкелді. Саммит сонда да 2004 жылы 25 қарашада өткізіледі, алайда ол Украинадағы президент сайлауларының нәтижелерін талқылауға арналды және іс жүзінде ЕО мен Ресей арасындағы қарым-қатынастың жақсаруына ешқандай септігін тигізбеді.

2005 жылы 10 мамырда Мәскеуде ЕО-Ресей саммиті өтіп, онда төрт кеңістік бойынша “жол картасы” қабылданды [9]. Саммиттің қорытындысы бойынша 2005 жылдың қазанында шешілмеген мәселелер: ЕО елдеріне барушы ресейліктер үшін визалық режимді жеңілдету, Еуропадан өз отандарына заңсыз ресейлік иммигранттардың оралуы, сонымен қатар Мәскеу және үш Балтық мемлекеттерімен арадағы қатынастарының қиындауы болды.

Еуропалық Комиссияның төрағасы Жозе Мануэль Баррозу “бүкіл Еуропаның көзқарасын”: Ресеймен жақсы достық және сындарлы қатынастарда болуға Еуроодақ және оның барлық елдері мүдделі. Бұған көптеген экономикалық, саяси, мәдени себептер бар. “Біз Ресей үшін нөмірі бірінші серіктес болып табыламыз. Біз – Ресейдің басты экономикалық серіктесіміз және Ресей де экономикалық тұрғыда біз үшін маңызды. Міне, сондықтан да Ресей мен Еуроодақ арасындағы ортақ экономикалық қана емес мәдени де, кеңістікті құру үшін мүмкін барлық нәрсені жасауымыз қажет”, – деген болатын [10].

Ресей және ЕО қатынастары әлемдік саясаттың кез келген мәселелерін түрлі деңгейде талқылауға мүмкіндік беретін көрнекті институционалды архитектурадан тұрады. Қазіргі таңда Ресей-Еуроодақ әрекеттесу форматы, бір жағынан, Ресей Президенті, екінші жағынан, Еуропалық Комиссия және Еурокомиссия төрағаларының қатысуымен өтетін саммиттерді,

«Ресей Үкіметі – Еурокомиссия» форматындағы кездесулерді; Серіктестіктің тұрақты кеңесі жиналыстарын; саяси директорлар деңгейіндегі кездесулерді; Салалық диалогтар шеңберіндегі (энергетика, транспорт, өнеркәсіп саясаты, ақпараттық қоғам, космос саласындағы ынтымақтастық және т.б.) және жекеленген сыртқы саяси мәселелер бойынша кәсіби кеңестерді біріктіреді.

2002 жылы 27 тамызда Ресей президенті Владимир Путин Еуропалық Комиссия төрағасына және ЕО-ға мүше елдерінің басшыларына ЕО кеңеюі жағдайында Калининград облысының тіршілігін қамтамасыз ету мәселесі туралы жолдауын бағыттады. Онда перспективада өзара сапар жасаудың визасыз режиміне өтуді ұсынған болатын. Бұл жолдау Ресей және Еуропалық Одақ мемлекеттері азаматтарының визасыз сапар жасау мүмкіндігі мәселесі бойынша келіссөздердің басталуының ресми бастамасы болды. ЕО Ресеймен визасыз режим орнату мүмкіндігінен бас тартпады, керісінше 2002 жылы 30 қыркүйекте Брюссельде өткен ЕО Кеңесінің отырысында Ресеймен арада визасыз қатынастарды орнату мәселесін ұзақ уақытты перспективада жеке қарастыру туралы шешім қабылданды [11]. 2010 жылы 19 қазанда Довилде өткен ресей-герман-француз саммитінде, Германия, Ресей және Франция көшбасшылары Әрекет ету жоспарына келіседі, осыған орай Николя Саркозиге сүйенетін болсақ, 10-15 жылдан кейін Ресей және Еуропалық Одақ ешқандай визасыз және ортақ қауіпсіздік жүйесі бар бірыңғай экономикалық кеңістіктің көрінісі болуы мүмкін.

2010 жылы 25 қарашада *Süddeutsche Zeitung* неміс газетіндегі мақалада Ресейдің премьер-министрі Владимир Путин ЕО-ға Владивостоктан Лиссабонға дейінгі территорияда орналасатын экономикалық альянс құруға ұсыныс жасады [12]. Негізінде ЕО мен Ресей арасындағы серіктестікті дамытудың активизациясының басты себептерінің бірі – Ресейдің Сібір және Қиыр Шығыстық территорияларын экономикалық игеру және оның нәтижесі экономикалық альянсты құру болып табылады.

Сол кездегі Ресей Федерациясының премьер-министрі Путиннің сөзіне сүйенсек, дағдарыс ЕО мен Ресейдің экономикаларының осал жерлерінің бар екенін көрсетті. Ресей қазіргі күнге дейін шикізаттық нарыққа тәуелді. Еуропа кемшілігінің бірі ретінде Путин экономи-

каның деиндустриализациясын атады, бұл өз кезегінде ЕО-ның нарықтағы, сонымен қатар жоғары технологиялы тауарлар нарығындағы позицияларын жоғалтуына әкеледі. Премьердің ойынша, жағдайды өзгерту үшін екі экономикалық жүйенің де жақсы жақтарын нақты қолдану керек. Ресей Еуропаға ресурстар, инвестициялық капитал, жаңа технологиялар ұсына алады.

Ресей мен Еуропалық Одақ арасындағы қарым-қатынас белгілі жемістерін беруде. Оның дәлелі экономикалық, саяси, әлеуметтік, қауіпсіздік саласындағы жасалған көптеген келісімшарттар және олардың жүзеге асуы, өзара жасалған бағдарламаларды келтіруге болады. ЕО – Ресейдің ірі сыртқы сауда әріптесі. Ресейдің сыртқы саудасының географиясында, әсіресе мұнай-газ компаниялары үшін кеңес уақытындағы құбырлық теміржол, автокөліктік, порттық транспорттық инфрақұрылым маңызды рөлге ие. Сонымен қатар Ресейдің Еуропаға жақын орналасқан аймақтары Азияға жақын аймақтарынан әлдеқайда жақсы дамыған, бұл өз кезегінде Ресейге тауарларды импорттау үшін маңызды екенін көрсеткен болатын.

Ресей мен ЕО арасындағы қатынастың маңызды салаларының бірі ол саяси сала болып табылатыны айдан анық. Осыған орай, Ресей мен ЕО арасындағы ортақ саяси кеңістік құру Еуропада тұрақтылықтың маңызды факторы және екі әріптестің де стратегиялық мүдделеріне жауап береді. Ресей үшін нарықтық реформалардың жүзеге асуы – демократияның дамуы мен жеделдеуіне қажетті алғы шарттар болатын жағымды сыртқы ортаның құрылуы. ЕО үшін шығыс шекарадағы тұрақтылық – интеграциялық процестердің одан арғы дамуының кепілі. Ресей мен ЕО арасында ортақ саяси кеңістік құрылмайынша еуропалық және халықаралық маңызды қауіпсіздік проблемаларын, сондай-ақ экономикалық проблемаларды өз тұрғысында шешу мүмкін емес. Ортақ саяси кеңістік концепциясына Санкт-Петербургтік

инициативасы Ресей мен ЕО-ның экономика, сыртқы және ішкі қауіпсіздік, ғылым, мәдениет пен білім беру саласындағы төрт ортақ кеңістік құру туралы толықтай сай келеді.

Жоғарыда айтылған жетістіктерге қарамастан Ресей мен ЕО арасында кикілжің жағдайлар біршама баршылық. Ресей мен ЕО арасында жалғасушы белсенді қатынастарға және олардың халықаралық қауіпсіздіктен энергетика салаларында тәуелсіздігіне қарамастан бүгінде ең көп талқыланатын мәселе екі әріптестер арасындағы қатынастың дағдарысы. КСРО-ның құлағанынан кейін ЕО мен Ресей қатынасындағы пайда болған проблемалар саны, сондай-ақ сапалық сипатқа да ие болды. ЕО Ресейде қысқа мерзім ішінде шынайы демократия орнайды деп күтті, ал Ресей ЕО-мен өзара іс-әрекетте экономикалық ғажайыптарға және Еуропадағы салмақты орынға ие болуды күтті. Сонымен қатар Ресейде де, ЕО-да да терең ішкі өзгерістер үдерісінде болып, ішкі күн тәртібіне көбірек назар салды. Оған бүгінгі күні ЕО елдерінде Ресей мен ЕО-ның құндылықтар принципі бір-біріне сай келмейтіндігі және осы Еуропадағы интеграциялық процестерге Ресейдің қосыла алмай жатқандығы себеп болуда. Сондай-ақ 1997 жылы жасалған Серіктестік және ынтымақтастық келісімінің мерзімі 2007 жылы бітті. Онда қойылған негізгі мақсаттарға қол жеткізілді. Еуропалық Одақ ресейлік экономиканы нарықтық деп мойындады, Ресейдің ДСҰ-ға қосылу шарттары келісілді, Калининградтағы транзит мәселесіне байланысты өзара келісілген шешім қабылданды, Ресей Орталық-Шығыс Еуропа аймағындағы ЕО-ның жаңа мүшелерін серіктестік және ынтымақтастық келісімінің толыққанды қатысушылары ретінде мойындады, Киото хаттамасын ратификациялады және визаны беруді жеңілдету бойынша тараптар арасында келісімшарттарға қол қойылды. Ресей Федерациясы мен Еуропалық Одақ ынтымақтастығының жаңа қадамдары мен бағыттары әлі алда.

#### Әдебиеттер

1 Совместная декларация об установлении официальных отношений между Советом Экономической Взаимопомощи и Европейским Экономическим Сообществом (Люксембург, 25 июня 1988 года) // Вестник МИД СССР. – М., 1988. – №14. – С.18.

2 Вербальная нота. 9 июня 1988г. (о желании Правительства СССР установить официальные отношения с Европейскими Сообществами) // Вестник Министерства иностранных дел СССР. – М., 1988. – № 14. – С.19.

3 Совместное заявление о признании бывших советских республик (опубликовано в Гааге и Брюсселе 31 декабря 1991 г.) // www.eu-law.ru

- 4 Ткаченко С.Л. Некоторые аспекты экономических отношений России и ЕС в 1990-1995 гг. // Вестник Санкт-Петербургского университета. 1996. Серия 6. №1. С.211.
- 5 Briefing, №22. Statistical Annex on Enlargement (5th update) // European Parliament. Secretariat Working Party Task-force «Enlargement». Luxembourg, 6 July 1999. P.57, 60.
- 6 Кукеева Ф.Т. ТАСИС в Центральной Азии // Европейский Союз и Центральная Азия. - Алматы, 2000. С.12.
- 7 Энтин. М.Л., Келлерманн А. Практика применения СПС: новое развитие // Московский журнал международного права. 2005. № 3(59). С.34.
- 8 Тиммерман Х. Калининград как пилотный регион для формирования партнерства между ЕС и Россией. – М.: Комитет «Россия в объединенной Европе». 2002. С.23.
- 9 «Дорожные карты» по четырем общим пространствам (Москва, 10 мая 2005 года) // www.russianmission.eu
- 10 Баррозу Ж.-М. Выступление на пресс-конференции по итогам саммита Россия-Евросоюз. // Ж.-М. Баррозу. Выступление. Официальный сайт президента России.
- 11 Войников В. Правовые основы сотрудничества России и ЕС в области обеспечения свободы передвижения. // Интернет-журнал «Вся Европа.ру» - М., 2007. - №10(15).
- 12 Путин В. Von Lissabon bis Wladiwostok // www.sueddeutsche.de

### References

- 1 Sovmestnaya deklaratsiya ob ustanovleniy ofitsial'nykh otnosheniy mezhdu Sovetom Ekonomicheskoiy Vzaimopomoshchi i Evropeiskim Ekonomicheskim Soobshchivom (Lyuksemburg, 25 iyunya 1988 goda) // Vestnik MID SSSR. –М., 1988. №14. S.18.
- 2 Verbal'naya nota. 9 iyunya 1988 g. (o zhelaniy Pravitel'stva SSSR ustanovit' ofitsial'nyye otnosheniya s Evropeiskimi Soobshchestvami // Vestnik MID SSSR. –М., 1988. №14. S.19.
- 3 Sovmestnaya zayavleniye o priznaniy byvshikh sovetakikh respublik (opublikovano v Gaage I Bruyssele 31 dekabriya 1991g.) // www.eu-law.ru
- 4 Tkachenko S.L. Nekotorye aspekty ekonomicheskikh otnosheniy Rossii i ES v 1990-1995 gg. // Vestnik Sankt-Peterburgskogo universiteta. 1996. Seriya 6. №1. С.211.
- 5 Briefing, №22. Statistical Annex on Enlargement (5th update) // European Parliament. Secretariat Working Party Task-force «Enlargement». Luxembourg, 6 July 1999. P.57, 60.
- 6 Kukeeva F.T. TESIS v Tsentral'noi Asii // Evropeiskiy Soyuz i Tsentral'naya Asia. - Almaty, 2000. S.12.
- 7 Entin M.L., Kellermann A. Praktika primeneniya SPS: novoerazvitie // Moskovskiy zhurnal mezhdunarodnogoprava. 2005. № 3(59). S.34.
- 8 Timmerman Kh. Kaliningrad kak pilotnyy region dlya formirovaniya partnerstva mezhdu ESIR ossiei. – М.: Комитет «Rossiyavob'edinennoi Evrope», 2002. S.23.
- 9 «Dorozhnyye karty» po chetyrem obshchim prostranstvam (Moskva, 10 maya 2005 goda) // www.russianmission.eu
- 10 Barrozu Zh.-M. Vystupleniye na press-konferentsii po itogam sammita Rossia - Eurosoyuz. // Barrozu Zh.-M. Vystupleniye. Ofitsial'n yysait prezidenta Rossii
- 11 Voinikov V. Pravovyye osnovy sotrudnichestva Rossii i ES v oblasti obespecheniya svobody peredvizheniya. // Internet-zhurnai «Vsya Evropa.ru» -М., 2007. - №10(15).
- 12 Putin V. Von Lissabon bis Wladiwostok // www.sueddeutsche.de